



№7 5 сәуір  
2021 жыл дүйсенбі



## КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

### БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

“WorldSkills-2021” колледжішілік чемпионаты 1

“Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры” - алғашқы түлектері 2

“Жүректен жүрекке” волонтерлық жұмыс 3

“Мейіргер ісінің” өзекті мәселесі 4

Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз! 5

Насихаттау жұмысы 6

Әдеби сазды кеш 7

Маманмен кездесу 8

“Құқық бұзушылықты алдын алу” 9

Ардагерлерге көмек 10

Байқау 11

Екпе туралы түсіндірме жұмысы 12

Құттықтаулар !!! 13



### Ардагерлерге көмек 10



16.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесі, “Тағзым күніне” орай ҰОС, тыл ардагерлерінің үйлерін, аулаларын тазалап колледж студенттері көмек беріп қайтты.


### Байқау 11



18.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мейрамына орай, видео байқау өткізілді. Байқауға I, II, III курс студенттері қатысты. Комиссия шешімі бойынша жеңімпаздар анықталып, Дипломдармен марапатталды.

Конкурстың нәтижесі:


I курс бойынша: I орын - 128Ф-11/20,  
II орын - 106М-9/20, II орын - 104М-9/20 топтары.  
II курс бойынша: I орын - 203М-9/19,  
II орын - 206М-9/19, III орын - 202М-9/19 топтары.  
III курс бойынша: I орын - 302 топ, II орын - 310 топ  
III орын - 306 топтары иеленді.



18.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мейрамына орай, видео байқау өткізілді. Байқауға I, II, III курс студенттері қатысты. Комиссия шешімі бойынша жеңімпаздар анықталып, Дипломдармен марапатталды.

Конкурстың нәтижесі: I курс бойынша: I орын - 128Ф-11/20,  
II орын - 106М-9/20, III орын - 104М-9/20 топтары.  
II курс бойынша: I орын - 203М-9/19,  
II орын - 206М-9/19, III орын - 202М-9/19 топтары.  
III курс бойынша: I орын - 302 топ,  
II орын - 310 топ, III орын - 306 топтары иеленді.

### Екпе туралы түсіндірме жұмысы 12



02.04.2021 ж. Колледж қызметкерлеріне жұқпалы аурулардың алдын алу және коронавирустық инфекция туралы, сонымен қатар одан сақтанудың шарттарына жан-жақты тоқталып, түсіндіру жүргізілді.

Түсіндіру жұмыстарын жүргізген: Дәрігер-эпидемиолог, колледж оқытушысы: - Н.А.Қасымов

### Құттықтаймыз!!! 13




2021 жылдың 10 қаңтарында өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттары депутаттарының сайлауын өткізу мен даярлау барысында белсенділік танытқаны үшін Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова Тараз қаласының әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Жамбыл облысының іскер әйелдер қауымдастығы “Қайырымдылық керуені” республикалық конкурс жеңімпаздарын марапаттады. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің “Жүректен жүрекке” еріктілер орталығы қоғам игілігіне жасаған қайырымды жұмыстары үшін Алғыс хатпен марапатталды.



Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы “Жоғары медицина колледжі” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ұйымдастыруымен “Фармация” мамандығы бойынша білім алатын бітіруші түлектер арасындағы “Үздік фармацевт - 2021” Республикалық кәсіби онлайн сайысқа қатысып, біліктілігін көрсете білгені үшін “Фармация” мамандығы, 422 топ студенті М.Т.Убаеваға Сертификат берілді. Жетекшілік жасаған колледж оқытушылары Қ.Т.Андакулова мен Ұ.М.Ахметова Алғыс хатпен марапатталды.



Мемлекеттік жастар саясатын дамытудың 2021- 2025 жылдарға арналған “Әулие-ата жастары” өңірлік бағдарламасын іске асыру мақсатында жасөспірімдер арасында өткізілген “Тараздың инабатты аруы - 2021” атты қалалық байқауында колледжінің 3 курс студенті А.Д.Отарғали 1 дәрежелі дипломмен марапатталды.



Колледждің 105-М 9/20 топ студенті М.Қуанышбай, Облыстық “Antikor - терме” атты жас ақындар байқауына қатысып, III дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <https://hmc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk>

[https://www.instagram.com/zhmk\\_zhambyl.kz](https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz)



№7 5 сәуір 2021 жыл дүйсенбі

№7 5 сәуір 2021 жыл дүйсенбі

## “WorldSkills-2021” колледжішілік чемпионаты 1



15.03.2021ж. Колледжде “Мейіргер ісі” мамандығы бойынша “WorldSkills-2021” колледжішілік чемпионаты өткізілді. Сарапшылар төрайымы: колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова. Сарапшылар мүшелері: 1. “Жамбыл облыстық көп бейінді балалар ауруханасының” бас медбикесі Г.Б.Назарбекова.

2. “№5 Қалалық емханасының” бас медбикесі Е.А.Москаленко, 3. “№2 Қалалық емханасының” бас медбикесі М.Т.Аманбекова. Сайыс жеңімпаздары: 1. Ұ.Орынбаева 403 топ студенті - I Дәрежелі диплом. 2. А.Мухитова 401 топ студенті - II Дәрежелі диплом. 3. І.Әлімхан 402 топ студенті - III Дәрежелі диплом.



17.03.2021ж. Колледжде №1 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушылары С.Н.Серік, Р.Б.Құлахмет «Емдеу ісі» мамандығы, «Фельдшер» біліктілігі бойынша, 408, 409, 417 топ арасында «WorldSkills-2021» колледжішілік чемпионат өткізді.

Сарапшылар төрайымы: колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова. Сарапшылар мүшелері: 1. “Жедел жәрдем бөлім меңгерушісі, дәрігер-эксперт” - Б.А.Абитаев, 2. №1 “Барыс” қосалқы станциясының аға фельдшері - Р.Т.Сабырбекова, 3. Жедел жәрдем станциясының фельдшері, профком төрағасы - А.Х.Абишева. Сайыс жеңімпаздары: 1. О.К.Жарылқасын 408 топ студенті - I Дәрежелі диплом. 2. Б.Ж.Дайран 417 топ студенті - II Дәрежелі диплом. 3. Н.Б.Нуридин 409 топ студенті - III Дәрежелі диплом.



18.03.2021ж. Колледжде №1 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушылары А.Қ.Коконбаева мен А.М.Жақай «Емдеу ісі» мамандығы, «Акушер» біліктілігі, 419, 420 топ арасында, «WorldSkills-2021» колледжішілік чемпионат өткізді.

Сайыс жеңімпаздары: 1. Ұ.А.Рахметова 420 топ студенті - I Дәрежелі Диплом. 2. Н.Б.Сағындықова 419 топ студенті - II Дәрежелі Диплом. 3. Г.Ж.Мырзабек 420 топ студенті - III Дәрежелі Диплом.



19.03.2021ж. Колледжде №2 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушылары Е.А.Жұбатхан, Б.Т.Адилбеков «Емдеу ісі» мамандығы бойынша 406, 418 топ арасында «WorldSkills-2021» колледжішілік чемпионат өткізді. Сарапшылар төрайымы: колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова.


Сарапшылар мүшелері: 1. Р.Б.Молдабаев - “Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасының” дәрігер хирургі, 2. Д.Д.Алипбаев - “Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасының” дәрігер хирургі, 3. Б.Т.Досжанов - “Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасының” нейрохирургия бөлім меңгерушісі. Сайыс жеңімпаздары: 1. Т.Е.Амангельдиева 418 топ студенті - I Дәрежелі Диплом. 2. Ж.М.Әбілқасымова 418 топ студенті - II Дәрежелі Диплом. 3. М.Ж.Коракулова 406 топ студенті - III Дәрежелі Диплом.

## “Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры” - алғашқы түлектері 2



10.03.2021 ж. 2020-2021 оқу жылындағы «Мейіргер ісі» мамандығы, «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігінің алғашқы түлектеріне арналған диплом тапсыру рәсімі өтті. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова түлектерді құттықтап салтанатты түрде дипломдарын тапсырды. Директор атап өткендей бұл күн Колледж тарихында қалатын ерекше күндердің бірі, себебі біздің колледжімізде бұндай мамандық бойынша әлі түлектер шығарылмаған. Түлектерге болашаққа сәттілік тіледі.

## “Жүректен жүрекке” волонтерлық жұмыс 3



13.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен “Жүректен жүрекке” волонтерлық қозғалысының мүшелері “Наркотәуелділік” және “Интернет тәуелділік” тақырыбында тәрбие сағатын өтті.



25.03.2021 ж. Колледждің «Жүректен жүрекке» еріктілер жасағы, Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы келген «Волонтер-медиктер мектебі» мүшелерімен кездесу өткізіп, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Колледж директоры Ж.Н.Сарыбековаға медициналық волонтерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хат беріліп, кездесу барысында колледж волонтерларына жүрек-өкпе реанимациясы алгоритімі түсіндіріліп, муляждарда көрсетті. Кездесу соңында волонтерлерге сертификат табысталды.

## “Мейіргер ісінің” өзекті мәселесі 4



18.03.2021 ж. Колледждің телестудиясында “Primary Health Care” ұлттық ассоциация қауымдастығы орталығының президенті Т.К.Рахыпбеков пен орталық төрайымы Р.А.Абзалованың қатысуымен Жамбыл облысының емдеу мекемелерінің, денсаулық сақтау басқармасының өкілдерімен, колледж әкімшілігімен мейіргер ісін дамытудың, мейіргерлік білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелері талқыланды.

## “Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз!” 5



19.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлыстың Ұлы күні, Наурыз мерекесіне орай “Армысың өз - Наурыз” тақырыбында белсенді студенттер жәрмеңке мен флешмоб өткізді.



21.03.2021ж. Наурыз мерекесіне орай Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының басшысы А.А.Қалиевтің бастамасымен басқармаға қарасты мекемелердің басшылары Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасының аймағына ағаштар отырғызды.



18.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен “Береке басы-Наурыз!” тақырыбында, Жамбыл облыстық “Манас ата” қырғыз этномәдени “Арғыз” Республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілі А. Меңдібаев, Жамбыл облысы бірлік-қарашай балкарлар этномәдени бірлестігінің директоры Лела Ахматовна сынды кісілермен кездесу өтті.



21.03.2021 ж. Наурыз мерекесіне орай, “Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні” тақырыбында колледж қызметкерлері мен колледж аумағындағы тұрғындарға арнап мерекелік іс-шара өткізді. Іс-шараға Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Б.Б. Нығмашев қонақ болып, колледж тынысымен танысып, қызметкерлер мен тұрғындарға мерекелік құттықтауын жолдады. Мереке барысында ұлттық ойындар ойнатылып, Наурыз көже, бауырсақ таратылып, мереке өз жалғасын тапты.



20.03.2021ж. Облыс әкімдігімен ұйымдастырылған “Шөлдала” шағын ауданы мен “Юбилейный” саяжайының ортасына ағаш отырғызу акциясына Жамиля Нұрғалиқызы бастаған колледжінің ұжымы ат салысты.

## Жолдауды насихаттау 6



18.03.2021ж. Колледжде Тараз қалалық «Жастар орталығының директоры» А.Е.Есіркеповтың қатысуымен Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 01.09.2020 ж. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» тақырыбында, Қазақстан халқына жолдаған жолдауын насихаттады.

## Әдеби сазды кеш 7



11.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Ы.Алтынсариннің туылғанына 180 жыл толуына орай, 101 М 9/20 топ студенттерімен «Ыбырай – ақыл ойдың алыбы» атты әдеби сазды кеш өткізілді.

## Маманмен кездесу 8



12.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Қыз баланың болашағы - ұлттың келешегі» атты ЖДО мамандарымен кездесу өтті. Жауапты: әлеуметтік-педагог А.А.Буксукбаева, жастар денсаулық орталығының гинекологы А.Б.Рустенбекова және психолог А.Н.Нұрланова мамандары келіп түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

## “Құқық бұзушылықты алдын алу” 9



12.03.2021ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ аға УПИ полиция майоры Маханов Даурен Усенбекович және Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция аға лейтенанты Егембердиева Маржан Қайратқызы I ауысымда оқитын студенттердің құқықтық сауаттылықтарын арттыру және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Заң және жасөспірім» тақырыбында ер балалар жиналысына қатысып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



17.03.2021 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ӘЗЗҚТ инспекторы полиция майоры А.Б.Мусаева, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ инспекторы полиция майоры Ш.Ш.Юсупова және Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ инспекторы полиция капитаны М.А.Юсупова студенттердің құқықтық сауаттылықтарын арттыру және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау», «Кәмелетке толмағандар арасында сексуалдық сипаттағы қылмыстардың алдын алу», «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптарында қыз балалар жиналысына қатысып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.